

Республиканың ауыл шаруашылығын 1996 жылы химиялық өсімдік қорғау құралдарымен қамтамасыз ету жөніндегі қосымша шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкметінің Қаулысы 1996 жылғы 13 мамыр N 589

Республиканың ауыл шаруашылығын химиялық өсімдік қорғау құралдарымен қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1996 жылы химиялық өсімдік қорғау құралдарын қосымша сатып алу шартымен АҚШ Эксимбанкінің кредит желісі шеңберінде 1995 жылы сатып алынған химиялық өсімдік қорғау құралдары үшін қаржыларды қайтару мерзімін ұзарту жөнінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік экспорт-импорт банкі (бұдан былай - Қазақстан Эксимбанкі) жүргізген жұмыс мақұлданын.

2. Қазақстан Эксимбанкі Қазақстан Республикасының кепілдігімен жүзеге асырылған, 1995 жылы берілген химиялық өсімдік қорғау құралдары және 1996 жылы химиялық өсімдік қорғау құралдарын қосымша сатып алу үшін шет ел банкілерінің алдында кепіл ретінде іс-әрекет етсін.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Эксимбанкі берген кепілдіктер шегінде 1995-1996 жылдарда шет ел фирмалары берген республикаға импортталатын химиялық өсімдік қорғау құралдарына "Салық және бюджетке басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығының 61-бабы қолданылады.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Эксимбанкімен бірлесе отырып химиялық өсімдік қорғау құралдарын беруі үшін АҚШ Эксимбанкіне берілген Қазақстан Республикасының кепілдіктерін қайтарып алуды шет ел фирмаларымен пысықтайтын болсын.

4. Ақмола, Қостанай, Көкшетау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Торғай облыстарының әкімдері 1995-1996 жылдары шет ел фирмалары берген химиялық өсімдік қорғау құралдары және кредит бойынша шығындар үшін қаржыларды өтеуге Қазақстан Эксимбанкіне кепілдіктер берсін,

сондай-ақ Мемлекеттік азық-түлік контракт корпорациясының вексельдеріне химиялық өсімдік қорғау құралдарын сатуды қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының жүзеге асуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК